**Маңғыстау облысы білім басқармасының Ақтау қалалық білім бөлімінің «Н.Оңдасынов атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп» КММ-де өткізілген «Қауіпсіз білім беру ұйымы» тақырыбындағы жалпы ата-аналар жиналысы**

**Күні,айы, жылы: 17.02.2023ж.**

**Қатысқандар:**

1. Мектеп директоры Раимбердиева А.Д.
2. Полиция басқармасының өкілі Шарипов О.
3. Мектеп инспекторы Нұржанов Е.Р
4. Қала прокуратурасының бөлім прокуроры Агзамов Б.А.
5. Қамқоршылық кеңес төрағасы Уралбаев М.Д.
6. Мектеп психологы Тайшыбаева А.Е.
7. ДТІЖО - 2, 5-11 сынып жетекшілері – 40, ата-аналар – 125.

**Күн тәртібінде:**

1.«Білім беру ұйымындағы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың білім алуына қолайлы жағдайлардың жасалуы туралы»

Мектеп директоры Раимбердиева А.Д.

2. «Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылық, суицид және оның алдын алу туралы»

Мектеп инспекторы Нұржанов Е.Р.

3. «Құқықтық сана – құқықтық тәртіп»

Қала прокуратурасының бөлім прокуроры Агзамов Б.А.

4. «Бала тәрбиесіндегі ата- аналар жауапкершілігі, бала тәрбиесіндегі басты тұлға- ата-ана».

Мектеп психологы Тайшыбаева А.Е.

**Тыңдалды:**

1. **Мектеп директоры Раимбердиева А.Д. сөз алды**

Білім беру ұйымындағы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың білім алуына қолайлы жағдайлардың жасалуы туралы ата-аналарға толық мағлұмат берді. Мектеп ішінде құрылған турникеттің жұмысы туралы түсіндірді.

2. **Полиция басқармасының өкілі Нұржанов Е сөз сөйледі**

Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылық, суицид және оның алдын алу туралы мәлімет берді. Мектепте ұйымдастырылған профилактикалық жұмыстар және түнгі қаладағы рейдтер туралы мәлімдеді.

**3.Қала прокуратурасының бөлім прокуроры Агзамов Б.А.**

Құқықтық тәртіпті сақтаудың маңызын, мектепішілік тәртіпті сақтау керектігі және ата-аналарға балаларының танымайтын адамдармен сөйлеспеуін, беймезгіл уақытта көшеде жүрмеуі туралы ескертті.

**4.Мектеп психологы Тайшыбаева А.Е.**

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлінің маңызы, оқушыларға ата-ананың көңіл бөлуі құқықбұзушылыққа тікелей байланысты екені, ата-ана тарапынан оқушыларға қолдау қажеттігі айтылды. Бала тәрбиесіндегі ата-аналар жауапкершілігі, әрбір ата-ана өзінің ата-аналық құқығын білу және өзінің ата-аналық міндетін атқару қажеттігі туралы түсіндірілді. Бейнеролик көрсетілді. Ата-аналарға психологиялық жағдаяттар көрсетіліп, алдын-алу жұмыстары туралы ақпараттар берілді.

**Шешім:**

1. Білім беру ұйымындағы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың білім алуына қолайлы жағдайлардың жасауды одан әрі ұйымдастыру;

2.Осы шешімнің орындалысын қадағалау мектептің ДТЖО-лары Ж.Т.Сарсенгалиева мен А.А.Ұлықпанға жүктелсін.

Кеңестің төрағасы: А.Раимбердиева

Кеңестің хатшысы: А.Қойшыбай